

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Тіктөртбұрыштың, шаршының ауданын табу

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58403/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Умирбекова Нуржамал Жаксылыковна

Сабақ негізделген оқу мақсаттары:

3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу;

3.3.1.3 тіктөртбұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын; $S=(a+b):2 \cdot h$; $S=a^2$; $S=a \cdot b$ шығарып алу және қолдану.

Сабақ нәтижесі: Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.

Оқушылардың көбісі: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.

Оқушылардың кейбіреуі: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.

Бағалау критерийі:

1. Көбейту және бөлу амалдары арқылы есептерді шығарады
2. «Кім біледі» әдісі арқылы әр топ өткен сабақты қайталайды
3. «Ой қозғау» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашады
4. топ Тіктөртбұрыштың, шаршының ауданын таба алады
5. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі арқылы сабақты қортындылайды

Тілдік мақсаттар.

Тыңдалым: бір-бірін тыңдай отырып, мазмұнын түсінеді;

Айтылым: өз пікірін айтады, тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасайды;

Оқылым: формуланы оқи отырып, есептер шығарады;

Жазылым: грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазады.

Құндылықтарға баулу: Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту шығармашылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.

Пәнаралық байланыс: Музыка, қазақ тілі.

Алдыңғы оқу: Көбейту және бөлу арқылы шығарылатын есептерді біледі. Симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды ажата алады.

Ресурстар: Оқулық, кеспе қағаз, жұмыс дәптері, қима қағаз, бағдаршам суреті.

Сабақ барысы**Басталуы (3 мин)****Ұйымдастыру кезеңі**

Топқа бірігу: 1-топ: шаршы;

2-топ: Тіктөртбұрыш,

3-топ: Үшбұрыш;

4-топ: Төртбұрыш.

Жағымды ахуал қалыптастыру: «Күн нұры» тренингі

Көтеріліп көкке күн,

Күлімдеді маған да,

Күлімдеді саған да,

Нұрын шашып баршаға.

Сәлем бердік сіздерге

Сәттілік тілеп құрбыма

Біз сабақты бастайық.

Үй тапсырмасы(5-мин):»Кім біледі»әдісі арқылы әр топ өткен сабақты қайталау мақсатында есеп құрастырады және ондағы компоненттерді атайды.

ОҮБ:жүзеге асыру.

Сабақтың ортасы(10-мин)

Жаңа сабақ:Сабақтың тақырыбын»Ой қозғау»әдісі арқылы оқушыларға тапсырма бере отырып ашамыз.»Тіктөортбұрыш пен шаршының ауданын табу».

Оқулықпен жұмыс.№1-т

Оқушылар әртүрлі тәсілмен есептейді.

Шаршының ауданын табу $S=a*a$;

Топпен жұмыс.2-т»Ойлан тап».

Ауданын өлшем бірліктерінің кестесін пайдалана отырып салыстырады.

ОҮБ:жүзеге асыру

3-т:Оқушылар сұрақ қою арқылы ауызша орындайды.

4-т.Топтық жұмыс.Фигуралардың периметрі мен ауданын табу.

5-т.Жұптық жұмыс.

Боялған бөліктің ауданын табу.

Қолдану(10мин)

Дәптермен жұмыс;1есеп.Берілген фигуралардың периметрі мен ауданын табу.

Сергіту сәті(2мин):

Қырғауыл болып ұшамыз,ұшамыз.

Түлкі болып қашамыз,қашамыз.

Қырғауылдай тапқыр боп,тапқыр боп,

Орнымызға қонамыз,қонамыз.

Сабақтың соңы(5мин)

Сабақты бекіту:

Синтез»Ойлан-жұптас-бөліс»әдісі.

Жұптық жұмыс.Кестені толтыр

Бөлінгіш	18	12		10	16	6
Бөлгіш	2		7			
Бөліндінің мәні		2	2	5	2	2

Жеке жұмыс: Жылыжайдағы қызанақ отырғызу үшін бөлінген жердің ауданы 18 м квадрат. Осы жердің ұзындығы мен ені қанша болады.

Өзін өзі мадақтау.

Бағалау (2 мин)

Кері байланыс (3 мин): 1) «Мақсатыңа жеттің» : 2) «Талпынып жатсың» : 3) «Талпын».

Үйге тапсырмасы: Жұмыс дәптеріндегі 38 беттегі 3 №6-есеп.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.